

УДК 82-1

DOI 10.33514/ВК-1694-7711-2021-2(2)-12-20

**Кожабоева Д.А., Омаров Т. К., Аккузов А. А., Каирбекова У. С., Айтенов Е. Э.**

Педагогика илимдеринин магистри, КР УИАнын диссертанты, Казахстан, Шымкент

Филология илимдеринин кандидаты, Түштүк Казакстан мамлекеттик педагогикалык

университети, ага окутуучу, Казахстан, Шымкент

Филология илимдеринин кандидаты, мамлекеттик тилди өнүктүрүү институтунун илимий

кызматкери, Казахстан, Шымкент

Филология илимдеринин кандидаты, академик Куатбеков атындагы элдердин достугу

университети, филология жана тилдер кафедрасынын башчысы, Казахстан, Шымкент,

Гуманитардык илимдер боюнча Магистр, Академик Куатбеков атындагы Элдердин достугу

университети, ага окутуучу, Казахстан, Шымкент

**Кожабоева Д.А., Омаров Т.К., Аккузов А.А., Кайырбекова У.С., Айтенов Е.Е.**

Магистр педагогических наук, диссертант НАН КР, Казахстан, Шымкент,

Кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казахстанский

государственный педагогический университет, Казахстан, Шымкент,

Кандидат филологических наук, научный сотрудник, Институт развития государственного

языка, Казахстан, Шымкент

Кандидат филологических наук, заведующий кафедрой филологии и языков, Университет

дружбы народов имени академика Куатбекова, Казахстан, Шымкент,

Магистр гуманитарных наук, старший преподаватель, Университет дружбы народов имени

академика Куатбекова, Казахстан, Шымкент

**Кожабоева Д.А., Омаров Т.К., Аккузов А.А., Кайырбекова У.С., Айтенов Е.Е.**

Педагогика ғылымдарының магистри, Кыргыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының

диссертанты, Қазақстан, Шымкент,

Филология ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ аға оқытушысы, Қазақстан, Шымкент,

Филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми

кызметкері, Қазақстан, Шымкент,

Филология ғылымдарының кандидаты, академик Куатбеков атындағы халықтар достығы

университеті «Филология және тілдер» кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Шымкент,

Гуманитарлық ғылымдар магистри. академик Куатбеков атындағы халықтар достығы

университетінің аға оқытушысы, Қазақстан, Шымкент

**Kozhabaeva D.A., Omarov T.K., Akkuzov A.A., Kairbekova U.S., Aitenov Y.E.**

Master of Pedagogical Sciences, dissertation student of the National Academy of Sciences of

Kyrgyz Republic, Kazakhstan, Shymkent

PhD in Philology, senior lecturer of SKSPU, Kazakhstan, Shymkent

PhD in Philology, Researcher at the Institute for the Development of the State Language,

Kazakhstan, Shymkent

PhD in Philology, Head of the Department of Philology and Languages at the Peoples' Friendship

University named after Academician Kuatbekov, Kazakhstan, Shymkent

Master of Humanities. Senior Lecturer at the Peoples' Friendship University named after

Academician Kuatbekov, Kazakhstan, Shymkent

**ЭСЕНГАЛИ РАУШАНОВ ПОЭЗИЯСЫ: ЧЫНДЫК ЖАНА ТААНЫМ**  
**ПОЭЗИЯ ЕСЕНГАЛИ РАУШАНОВА: ИСТИНА И ПОЗНАНИЯ**  
**ЕСЕНГАЛИ РАУШАНОВ ПОЭЗИЯСЫ: ШЫНДЫҚ ПЕН ТАНЫМ**  
**ESENGALI RAUSHANOV'S POETRY: TRUTH AND KNOWLEDGE**

**Аннотация:** Мақалада азыркы казак поэзиясында Декабрь темасында жазылған ырлар қысқача баяндалып, алардын арасында Декабрь акындарының орду бар. Казактын көрүнүктүү акыны Есенгали Раушановдун декабрь айына арналған ырларының маңызына, акындын чыгармаларындағы канаттуулар темасына жана мифологиялық мотивдерге баяндама. “Кара баур каскалдак” ырының тарыхы ырга айланып, ошол кездегі өлкөнүн духун көтөрүүдөгү ролу, ырдың чындықты көмүскө кылған саясий идеологияның үстөмдүгү, Декабрь окуясының гимнине айланган жөнүндө айтылат. Ал эми мифтик стилде жазылған «Гайша биби» поэмасының мазмуну, көркемдүк өзгөчөлүктөрү.

**Аннотация:** В статье кратко рассказывается о стихотворениях, написанных в современной казахской поэзии на тему Декабрьских события, и место среди них Декабрьских поэтов. Дается обзор сущности стихотворений выдающегося казахского поэта Есенгали Раушанова, посвященных месяцу декабрь, теме птиц и место мифологических мотивов в творчестве поэта. Рассматривается значение песни «Кара бауыр каскалдак», история написания песни, ее роль в поднятии духа страны того времени и доминирование песни над политической идеологией, заслонявшей правду, и как эта песня стала гимном Декабрьских событий. Кроме того, будет раскрыто выражение народной грусти в стихотворении «Декабрь». А также содержание и художественные особенности поэмы «Гайша биби», написанной в мифологическом стиле.

**Түйінсөз:** Мақалада қазіргі қазақ поэзиясында Желтоқсан тақырыбына арнайы жазылған өлеңдер туралы қысқаша айтылып, олардың арасындағы Желтоқсаншы акындардың орны сөз болады. Қазақтың көрнекті акыны Есенғали Раушановтың желтоқсан айына арналған өлеңдердің мәніне, акын шығармашылығындағы құстар тақырыбы мен мифологиялық сарынға шолу жасалынады. «Қара бауыр қасқалдак» өлеңінің әнге айлану тарихы, оның сол кезеңде ел рухын көтерудегі мәні, шындықты бүркемелеген саяси идеологиядан әннің үстемдігі, Желтоқсан оқиғасының әнұранына айналуы сөз болады. Сонымен қатар «Желтоқсан» өлеңіндегі ұлттық мұнның көрінісі айқындалады. Және де мифтік сарында жазылған «Гайша биби» поэмасының мазмұндық, көркемдік ерекшеліктері айтылады.

**Summary:** The article briefly tells about the poems written in modern Kazakh poetry on the theme of December events, and the place among them December poets. Gives an overview of the essence of the poems of the outstanding Kazakh poet Esengali Raushanova, dedicated to the month of December, the theme of birds and the place of mythological motifs in the work of the poet. Considering the significance of the song "Kara Baur Kaskaldak", the history of the song, its role in raising the spirit of the country at that time and the dominance of the song over political ideology, dedicated to the truth, and how this song became the anthem of December. Besides, there will be an expression of the people's grief in the poem "December". And also the content and artistic features of the poem "Gaisha Bibi", written in a mythological style.

**Ачкыч сөздөр:** Есенгали Раушанов, көркөм чындык, Декабрь окуясы, Кара боор каскалдак, Гайша биби, миф.

**Ключевые слова:** Есенгали Раушанов, художественная правда, декабрьская повесть, «Кара бауыр каскалдак», Гайша биби, миф.

**Кілт сөздөр:** Есенгали Раушанов, көркөм шындык, Желтоқсан оқиғасы, Кара бауыр каскалдак, Гайша биби, миф.

**Keywords:** Esengali Raushanov, artistic truth, December events, Kara baur kaskaldak, Gaisha bibi, myth.

Қазіргі қазақ поэзиясында Желтоқсан тақырыбына арнайы жазылған өлеңдер мен поэмалар жетерлік. Ол әдеби көштің ең басында желтоқсаншы ақындар тұрады. Қазақ тарихындағы айтулы тақырып, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісін арнайы зерттеген белгілі айтыскер ақын Маржан Есжанова «Қазақ әдебиетіндегі желтоқсан көтерілісінің көрінісі» атты магистрлік диссертациясында «Қазақ ұлтының өлмегенін, оның ұлттық санасының езілмегенін, әлі де өз еліне иелік етуге мүмкіндіктері бар екендігін басқа емес, осы Желтоқсан күндері өздері алаңда болған ақындар ғана жеткізе алады. Бұл ақындар қазақ әдебиеті тарихына Желтоқсаншы ақындар болып еруге тиіс. Одан басқа атау мүмкін емес. Ұлт тарихындағы бетбұрыстық кезеңнің қозғаушысы болған, ұлттық сананың сілкінуіне негіз болған ірі оқиға туғызған ақындар, соны жырлап өткен ақындар, сол күннің ауыр салмағын тәнімен де, жанымен де арқалаған ақындар. Мүмкін олардың өлеңдерінің көркемдігі жоғары болмас, көркемдегіш бояулары әлсіз болар, елең еткізер жаңалығы да бола қоймас. Бірақ, олардың әдебиет тарихынан орын алуға үлкен құқы бар. Үш жүз жылдық бодандықтан кейінгі тәуелсіздіктің бастауы болған оқиғаның қатысушысы болғандығы, сол оқиғаны дәл өз уақытында суреттегендігі олардың ұлт тарихындағы орнын анықтайды» деген пікір келтірген [1, 14 б].

Желтоқсаншы ақындар қатарында Бауыржан Үсенов пен Қайрат Рысқұлбековті атай аламыз. Олардың шығармалары сол оқиғаны өлеңмен өрнектеген, сол оқиғаға қатысқан жастардың көңіл-күйін, оқиғаның тарихи шындығын өлең жолдарына алғаш түсіргендігімен құнды.

Көтеріліске қатысушы жастардың ерлігінен рухтанған ақындар 90 жылдардың басында көптеген поэзиялық шығармалар тудырды. Олардың қатарында Қадыр Мырзалиев, Асқар Егеубаев, Мұхтар Шаханов, Е.Раушанов сынды т.б. ақындар бар.

Қазіргі жас ақындар да желтоқсанның ызғарын қаламдарына арқау етуде. Әсіресе биыл Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай, көптеген өлеңдер жазылды.

Жоғарыда сөз болған туындылардың арасында шоқтығы биігі Есенгали Раушановтың «Қара бауыр қаскалдак» өлеңі. Тіпті ол Желтоқсан оқиғасымен астасып, ассоциацияланып кеткен. Қазақта ол өлеңді білмейтін жан жоқ десек, артық айтпаймыз. Өйткені «Қара бауыр қаскалдак» әнінен «Желтоқсанның» ызғары сезіліп тұрады. Бұл әнде халқымыздың аумалы-төкпелі тарихи кезеңде басынан кешкен өкініші, мұңы, қайғысы, қуанышы бар... Бұл сөзді өлеңнің көркемдігіне қатысты емес, мағынасында, ел жүрегінен орын алуына қатысты айтып отырмыз.

Бұл тағдырлы өлең қанды оқиғадан тура бір жылдан соң шыққан. Әнін жазған белгілі сазгер Лесбек Аманов.

Қара бауыр қаскалдак, қайда ұштың пыр-пырлап?

Сазың қалды сәбидің еңбегіндей былқылдап.

Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт,

Сиреп қалған тоғайға «қамықпа» деп көңіл айт [2, 114 б].

Қауырсыны, мамығы сұр, қара, тек маңдайы ақ, сондықтан «қасқа», «қасқалдақ» деп аталған бұл құс жаратылысында ұзаққа ұша алмайды, құрлыққа да көп шықпайды. Бұл құс туралы қазақ әдебиетінде Мағзом Сүндетовтың «Қасқалдақ» әңгімесі бар екендігі де белгілі.

Қуат Ахетов «Қара бауыр қасқалдақ» қалай шықты?» мақаласында былай дейді: «Есенғали Раушанов қазақ ақындарының ішінде құстар тақырыбына ең көп қалам тартқан ақын. Оның «Құстар – біздің досымыз» деген кітабы да жарық көрген. Яғни қазақ даласын мекен ететін құстардың өзіне бір кітап арнаған.

Сазгер Лесбек Аманов ән тарихы жайында бір басылымға берген сұқбатында: «Жұлдыз» журналын қарап отырып осы өлең жолдары көзіме оттай басылды.

«...Ұя қалса иесіз, айдын үшін сол қайғы,

Қаңғып келген шүрегей көлге пана болмайды», – деп ойын астарлап жеткізген өлеңде автор қасқалдақ деп – Қонаевты, ал Колбинді қаңғып келген шүрегейге теңеп отырғанын бірден түсіндім. Өлеңді оқып отырып ән өзінен-өзі шыға келді. Бұл – 1987 жылдың 18 желтоқсаны болатын», – дейді [3].

Өз босаған бұл жердің тауы, қыры, белесі,

Босағасын басқаға тастай ма екен, о, несі?.

Қара бауыр қасқалдақ, кері қайт,

Сиреп қалған тоғайға «қамықпа» деп көңіл айт.

Ұя қалса иесіз, айдын үшін сол қайғы,

Қаңғып келген шүрегей көлге пана болмайды.

деген жолдарды жас пен жасамыз түгел жатқа біледі [2, 114 б].

Тарихшы Абдуқап Қара «Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының себептері мен салдарлары» атты диссертациясында осы әнге тоқталып, әннің тарихи бағасын былайшы айқындайды: «Желтоқсан оқиғасының шындығын жариялауға тыйым салуына байланысты теледидар және басқа да БАҚ ол жөнінде айту мүмкін болмады. Бұл мәселедегі режимнің қатал ұстанымын бұзып, жанама түрде болса да халықты хабардар еткен негізгі жеткізушілер қазақ өнерпаздары болды. Әсіресе ақындар өлеңдері арқылы шебер жеткізе білді. Бұның ең озық үлгісін Е.Раушановтың өлеңдерінен көреміз. Автор Желтоқсан оқиғасы мен Қонаев жөнінде ашық айтуға тыйым салу жалғасып жатқанын жеткізеді. Ақын Колбинді поэзия тілімен өрнектейді, сатирамен әжуалайды. Мұны кеңестік жүйе тұсында ашық айту мүмкін болмады. [4, 107 б.]

Әбдуқап Қараның пікірінше, өлеңдегі қасқалдақ Қонаевты, шүрегей Колбинді меңзейді. Ал ғалым Гүлжаһан Орда пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ Алматыдан жан-жаққа қудаланған немесе өздері қашқан жастар деген пікірде [5].

Бұл өлең 1988 жылы Алматыда басылған «Шолпан жұлдыз туғанша» атты кітапта басылды. Ол кезде Колбин әлі де билік басында болатын. Осылайша, өнер шындықты айту, жариялауда саясатты жеңді, саясаткерлер мен көптеген зиялылар айта алмаған шындықты ән

айта білді. Ал Колбиннің және басқа да кеңес шенеуніктерінің өнерді тұмшалауға шамасы жетпеді.

Ә.Қара желтоқсан шындығын жариялаудағы қазақтың атақты ақын-жазушылары Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шаймерденов және Әзілхан Нұршайықовтың еңбегін атап өтеді. Олар Колбинмен Жазушылар одағындағы кездеуде қанды оқиға бұрыс бағаланғанын және кейбір жағдайлардың бұрмаланғанын мәлімдейді. Алайда бұл мәлімдеме Колбиннің Желтоқсан оқиғасына деген көзқарасын өзгерте алған жоқ еді. [4,108 б.].

Сөз бен саздың құдыреті де орасан. Алаңға шыққан жастар туралы елдің арасында екіұдай пікір қалыптасып, биліктің көтерілісшілерді нашақорларға, маскүнемдерге теңеп тұрған сәтте бір ғана ән халықтың рухын көтеріп, іштегі бұғып жатқан ұлттық намысты камшылаған ән еді. Алайда «Қара бауыр қасқалдақ» әнінің мағынасын біреу түсінді, біреу түсінген жоқ. Тіпті оған той-жиындарда жаппай билеу кең етек алды. Сол бір кездері газет-журналдарда журналистер, өнер адамдары, жалпы зиялы қауым өкілдері «Бұл әнге билеуге болмайды. Халықтың рухын көтерген, нағыз патриоттық әнге билеу кешегі Желтоқсанға қатысқан жастардың төгілген қанының үстінде билеу» деген мағынадағы мақалаларын жазып жатты. Әннің композиторы Лесбек Аманов «Ойнет» сайтына берген сұхбатында «Есенғалиды қатерден тапқырлығы құтқарды – «Қара бауыр қасқалдақ» әні саяси астармен жазылғаны Колбиннің де құлағына жеткен екен. Содан ол дереу әннің сөзін жазған Есенғали Раушановты шақыртып алады. КГБ-ның адамдары алып кетіп бара жатқан ақынның ішкі жан дүниесі, әрине әп-сәтте әлем-тапырық болған ғой. – Мына өлеңнің астарында не жатыр? – деген бірінші хатшының сұрағына ол: – Геннадий Василевич, бұл өлең Арал теңізінің проблемасына арнап жазылған. Қасқалдақ деген құстың қаны тоқсан түрлі дертке шипа. Ал, қазақтың түсінігі бойынша шүрегей деген құс сол қасқалдақты түрткілеп көлден қуып жібереді екен, – депті. -А-а, солай ма, жарайды онда, өте тамаша жазылған өлең екен, а – депті сонда Колбин. Есенғали бір қатерден өзінің осындай тапқырылығымен құтылған көрінеді. Бірақ қауіп бұлты мұнымен сейілген жоқ. Сол бір қиын кездерде Есенғали ақын Шардарадағы маған «Заман құбылып тұр, ертеңгі күннің не болары белгісіз» деп, телефон шалған соң, мен Қызылқұмның қойнауына кетіп, мал бағып кеткен күндерім де болды» [6].

Е. Раушанов «Мен қадірлеп, қастерлейтін, құрметтеп, басымды иетін дүние ол – өлең. Поэзияның асқақ болғанын ұнатамын. Өлең деген туған анаңдай қадірлі болуы керек», десе, Мұқағали өлең «арпалыс-қайшылықта туады» дейді. Ақынның осындай арпалыста туған «Біздің жастық» өлеңінде де желтоқсан айы жырланады.

Желтоқсан деген бір ай бар  
Шабынтып мінген үлекті.  
Шыңылтыр күнде шырай бар,  
Жылытар ма екен жүректі?

Зырласын уақыт, зырласын,  
Бойымды соған үйретем.  
Құрбының көрдік құрмасын,  
Құбылған күндей дүние екен.

Желігім басып жаланған,

Желтоқсан тұрды шабына.  
Көп үміт-сенім, сан арман  
Көміліп қалды қарына.

Бораннан кейін, бораннан,  
Барлығын іштей бағамдай,  
Көміліп қалған көп арман,  
Шаршадым аршып ала алмай.

Кеп-кеше мықты секілді ек,  
Көртке ұқсап қапты жүдеп нар.  
Желтоқсан сайын жетім боп,  
Бір жылап алар жүрек бар [2, 129-130 бб].

Осы өлең жолдарынан Есенғали ақынның шығармашалығында құстармен қатар желтоқсан айының да орны ерекше екендігін байқау қиын емес. Осы ай жөнінде өзі былай дейді: «Айыр қалпақ ағайындар желтоқсанды бештин айы, кейбір деректерде үштің айы дейді. Желтоқсанның соңғы онкүндігінен бастап туу сонау ақпанның басына шейінгі аралықты қырғыздар қырық бірдің шілдесі деп атайды. Қырық бірдің шілдесін он онбес күнге жіктейді, сонда «Темір аяз», «Мүйіз аяз» және «Киіз аяз» дейтұғын үш бөлек күндер тізбесі шығады» [7].

Тағы бір сөзінде «Желтоқсан – құсы көп ай. Тарихқа көз салсаңыз, бұл айда неше бір ұлы оқиғалар болған. Біз үшін бұл ай 1986 жылы қазақ жастарының көтерілісімен қымбат. Бұл қозғалаң туралы да соңғы кезде әртүрлі алыпқашпа әңгіме көп. Саясат жүрген жер – лаң. Лаңсыз, дау-дамайсыз, таза өмір сүруге болмас па, тоба? Мысалы, Ана-Табиғат секілді [7].

Алматыдағы музей үйінде сақталған Әбілхан Қастеевтің Желтоқсан оқиғасынан, Жанөзен қырғынынан да көп жыл бұрын салынған «Желтоқсан», «Жаңаөзен» атты аяқталмай қалған суреттер топтамасының эскиздері туралы да арнайы мақала жазған. Онда желтоқсан сайын сол суреттерді қайта бір көріп шығуды әдетке айналдырғанын, әлемнің көптеген музейлерін араласа да ондағы суреттердің ешқайсы да Әбілхан ақсақалдың туындысындай әсер етпегенін айта келіп, қазақ баласы Желтоқсанды ұмытса оның несі қазақ деген ой айтады [7].

Е.Раушановтың шығармашылығының тағы бір қыры фольклорлық сарындағы қиссалар мен дастандарды замануи сипатта жаңғыртуында. Есенғалидың халықтық аңыз, мифологиялық негізде жазылған «Ғайша бибі», «Түн деген Көрұғлы», «Нұқ Пайғамбардың кемесі» тағы басқа туындылары бар.

«Ғайша бибі» поэмасы – мифологиялық сарында жырға айналған ел аузында жүрген аңыз.

«Фольклорлық үлгілердегі қиссалар үрдісін, сондай-ақ, дастан сарынын жаңаша қалыпта түрленткен ақын Есенғали Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы құрылымы, көркемдік-эстетикалық құндылығы мен өзек еткен оқиғасы тұрғысынан алғанда өз алдына ерекше көркем дүние. Қазіргі қазақ поэмасының даму деңгейі, көркемдік-эстетикалық сапасы, поэма жанрының зор поэтикалық мүмкіндігі, тың ізденіс пен жаңашылдық төңірегінде ой өрбітсек, алдымен ойға оралып, назар аудартары – осы «Ғайша бибі»

поэмасы. Мазмұндық, пішіндік, стильдік тұрғыдан алғанда поэма жанрында көш бастарлықтай салмағы бар бұл туынды ақын Есенғали Раушановтың талантын жаңа қырынан танытқанын, оны таланты тегеурінді ұлт ақыны ретінде мойындатқанын айта кеткен абзал» [8].

«Ділім – қанағат, дінім – табиғат» деген эпиграфпен басталатын поэманың алғашқы тарауы «Тізгін қағары» деп аталады.

Ғалайқум-ассалаума бас қонаққа,  
Сонан соң үлкен-кіші жас талапқа,  
Ниетімді жырға бұрдым, жүзімді – елге,  
Хиссасын Ғайша бибі бастамаққа [2, 321 б].

Поэманы философиялық-психологиялық мәні терең, мифтік сарында жазылған деп айта алсақ та, жалаң тарихи тақырыптағы туындылар санатына қоспаймыз. Адамзатты аман сақтауға ұмтылған Ғайша, түркі Қағанатының даңқы мен еркіндігін сақтау үшін арпалысқан Қаған – тарихи сипаттан гөрі символикалық мәнге ие бейнелер. Белгілі бір тарихи кезең оқиғасы назарға алынғанымен, ақын адамзат қоғамына тән мәселелерді арқау етеді. Поэма оқиғасына үңіле қарағанда, өзіміз өмір сүріп отырған қоғамға тән әрекеттерді де аңдағандай боламыз. Осы тұрғыдан туындының философиялық астарының бір қырын ұғуға болады» [8].

Поэмада кейіпкерлер біршама, олар шығарма идеясын жан-жақты ашуға қызмет етеді: Күлтегін мен Мұхаммед Пайғамбар, Қаған, Ғайшаның ақын досы Мәстекбай, інісі Алмас. Және де бас кейіпкер – Ғайша. Ғайша образы жөнінде Жанат Әскербекқызы «Ел жадындағы аңызда Айша қызды жылан шағып өлтіреді. Есенғали поэмасында осы желі болғанымен, Ғайшаның өлімі, жыланның шағуы мүлде басқаша жағдайда өрбіген. Адамдар тағдырымен жыландар әлемін қатарластыра берудің өзінде көне танымды негізге алу бар» [8].

Поэмада оқиғаны баяндаушы ретінде көрінетін автор Осы тұста Ғайша жайлы былай деп қосымша түсініктеме береді: «Біздің кейіпкеріміз – Ғайша Інжіл, Зубур, Тәурәт, Құранның ешқайсысын мойындамаған. Жоқ, сіздер кешірересіздер, ол атеист емес еді. Жұрт Ғайшаны білім қаққан адам десе, ол өзін Құдаймын дейтін» [2, 327 б].

Досанова Н. «Ғайша қандай әрекетімен ерекшеленеді. Ең алдымен оның өзіне тән таным-түсінігі бар. Сонда Ғайша ешқандай дінді мойындамайтынына қарағанда, оған басқа бір дін керек сияқты. Жоқ, ол ана-жылан зарын естігенде терең ойға батады. Сондықтан «Төрт кітаптан шыққан бір кітабы» еңбегін жазуды ойлайды. Демек, Ғайшаның санасы сан сауалға толы» [9, 84 б].

Поэманың «Жыландар жыры» тарауында мифологиялық сипат басым аңғарылады. Талас жерін мекен еткен ордалы жылан адамзаттың табиғатқа жасаған жауапсыздығынан болған өртке оранады. Сондағы

Үйімнің алды беткей-ді,  
Беткейден түскен өрт дейді.  
Осының бәрін жасаған,

Адамзат қалай көктейді, – деп келетін жыланның зары экологиялық проблеманың да шетін шығарады.

Қазақтың бегзат ақыны Есенғали Раушанов хақындағы мақаламызды Дәурен Қуаттың сөзімен түйіндегіміз келеді. «Түсетұғын төрт кітаптың түсіп қойғанын» ол ілікіден біледі.

Сонда да, бірақ, жазуды қоймайтындардың сойынан болған соң ба, жыр-пырағының жалына әркез қол артып тұрады. Сағынып, сағындыртып... Өзі айтпақшы, «атасы арзан» сөзді «мысықша балалатауға» (Асқар Сүлейменов) жаны қас. Сараң жазады, сарқылып жазады. Бұлай деуімізге себеп: әр өлеңі соңғы өлеңіндей күй аңғартып, жаныңды бебеу қақтыратыны бар. Сірә, бұл оның іштей ұзақ ширығып, зар күйіне енгенде ғана қаламын қолына сертке ұстап, жазу үстелінен тыныс табатындығын байқатса керек. Сән қуған, қызылды-жасылды дүниеге еліктеп, дүр жаңашылдыққа бет қойған ортада ол – ескішіл болып көрінеді. Етекбастылықтан арылмай, ескіге ен салып, есінеп қана отыратын қауымның арасында ол – жаңашылдығымен жарқ-жұрқ етіп көзге түседі. Кіл көкмойнақ жырдың иесі – Есенғали! Есаған, Есенғали Раушанов. Басқаны білмеймін, қазақ поэзиясында есімінді әйгілеп, шайырлығыңды дәлелдеу оңай шаруа емес. Ал бұл кісіңіз қабілет қарымын, дархан дарынын дәлелдеп қана қойған жоқ, өз заманының өлең керуенін жетегіне алып, көш бастап кеткелі қашан... Есенғалидың жыр-көші бүгіннен ертеңге, ертеңнен ертеңдерге кетіп бара жатқан көш. Оған күмәніңіз болмасын» [10].

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есжанова М. Б. «Желтоқсан оқиғасының қазақ әдебиетіндегі көрінісі». Магистрлік диссертация. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. – Шымкент, 2013 жыл.
2. Раушанов Е. Қара бауыр қасқалдақ. – Алматы: «Жалын», 1995. – 384 б.
3. Ахетов Қ. «Қара бауыр қасқалдақ» қалай шықты? Жалағаш жаршысы. 14 желтоқсан, 2019.
4. Әбдуқап Қара. «Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының себептері мен салдарлары» Стамбул. 1997
5. Орда Г. Институт им. М. Ауэзова (auezovinstitute.kz)
6. Аманов Л. «Есенғалиды қатерден тапқырлығы құтқарды». <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=35&id=2206>
7. Раушанов Е. <https://ult.kz/post/esengali-raushanov-zheltoksan>
8. Әскербекқызы Жанат. Көне түркілік танымның қазіргі қазақ поэмаларындағы көркемдік-эстетикалық қызметі. Е. Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы туралы сыр. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/4767>
9. Досанова Н. Е. Раушановтың, «Ғайша бибі» поэмасы. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2/ 2 (1 6 0). – Алматы. «Қазақ университеті» 2016.
10. Дәурен Қуат. Бөгелмей өтіп жаз кетті. <https://abai.kz/post/58658>

### References:

1. Eszhanova M. B. "reflection of the December events in Kazakh literature". Master's thesis. South Kazakhstan State University named after auezov. - Shymkent, 2013.
2. Raushanov E. Black liver Wolf. - Almaty: "Zhalyn", 1995. - 384 P.
3. How did Akhetov K. "Black liver wolf " turn out? Zhalagash bulletin. December 14, 2019.
4. Abduakap Kara. "Causes and consequences of the December 1986 events in Kazakhstan" Istanbul. 1997
5. Orda G. Institute. M. Auezova (auezovinstitute.kz)
6. Amanov L. "esengali was saved from danger by his resourcefulness". <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=35&id=2206>



7. Raushanov E. <https://ult.kz/post/esengali-raushanov-zheltoksan>
8. Zhanat Askerbekkyzy. Artistic and aesthetic function of ancient Turkic knowledge in modern Kazakh poems. The story of E. Raushanov's poem "Gaisha Bibi". <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/4767>
9. Dosanova N. E. Raushanov, poem "Gaisha Bibi". "I don't know," he said. S. S. philology. №2/ 2 (1 6 0). - Almaty. "Kazakh university" 2016.
10. Dauren Power. The summer passed without hindrance. <https://abai.kz/post/58658>

УДК 82-1

DOI 10.33514/ВК-1694-7711-2021-2(2)-20-28

**Кожабоева Д.А., Жапбарова Г.А., Орынбетова Э.А., Айдарова А.А., Омаров Т. К.**

Педагогика илимдеринин магистри, КР УИАнын диссертанты, Казакстан, Шымкент,  
Педагогикалык илимдердин кандидаты, М.Ауэзов атындагы Түштүк Казакстан мамлекеттик  
университети, доцент, Казакстан, Шымкент,  
Филология илимдеринин кандидаты, Түштүк-Казакстан мамлекеттик педагогикалык  
университети, ага окутуучу, Казакстан, Шымкент,  
Филология илимдеринин магистри, Түштүк Казакстан мамлекеттик педагогикалык  
университети, магистр-окутуучу, Казакстан, Шымкент,  
Филология илимдеринин кандидаты, Түштүк Казакстан мамлекеттик педагогикалык  
университети, ага окутуучу, Казакстан, Шымкент

**Кожабоева Д.А., Жапбарова Г.А., Орынбетова Э.А., Айдарова А.А., Омаров Т.К.**

Педагогика ғылымдарының магистри, Кыргыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының  
диссертанты. Казакстан, Шымкент,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындагы ОҚМУ доценті. Казакстан,  
Шымкент,  
Филология ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ аға оқытушысы. Казакстан, Шымкент,  
Филология ғылымдарының магистри, ОҚМПУ магистр оқытушысы, Казакстан, Шымкент,  
Филология ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ аға оқытушысы, Казакстан, Шымкент

**Кожабоева Д.А., Жапбарова Г.А., Орынбетова Э.А., Айдарова А.А., Омаров Т. К.**

Магистр педагогических наук, диссертант НАН КР, Казакстан, Шымкент,  
Кандидат педагогических наук, доцент, ЮКГУ им. М. Ауэзова, Казакстан, Шымкент,  
Кандидат филологических наук., старший преподаватель, Южно-Казакстанский  
государственный педагогический университет, Казакстан, Шымкент,  
Магистр филологических наук, магистр-преподаватель, Южно-Казакстанский  
государственный педагогический университет, Казакстан, Шымкент,  
Кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казакстанский  
государственный педагогический университет, Казакстан, Шымкент,

**Kozhabaeva D.A., Zhapbarova G. A., Orynbetova E.A., Aidarova A. A., Omarov T.K.**

Master of Pedagogical Sciences, dissertation student of the National Academy of Sciences of  
Kyrgyz Republic. Kazakhstan, Shymkent,  
Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of SKSU named after. M. Auezov.  
Kazakhstan, Shymkent